

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ДАЙЫНДЫҚ ТІЛ ҮЙРЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ  
ЖҰМЫС ІСТЕУ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер**

**Мақсаты**

**1-бап.** (1) Бұл регламенттің мақсаты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Дайындық тіл үйрету орталығының құрылымы мен жұмыс істеуіне қатысты негіздер мен тәсілдерді реттеу болып табылады.

**Қолдану аясы**

**2-бап.** (1) Осы регламент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Дайындық тіл үйрету орталығының жұмыстарына қатысты іс-шараларды қамтиды.

**Негіздеме**

**3-бап.** (1) Осы регламент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 8-ші бабының (с) тармағына және 20-шы бабына негізделі отырып дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** (1) Осы регламентте берілген қысқартылған сөздер;

- a) Директор: Дайындық тіл үйрету орталығының директоры,
- b) Өкілетті Кеңес: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесін,
- c) Ректор: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президентін,
- d) Ректорат: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоратын,
- e) Ректор Өкілі: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Вице-президентін,
- f) Университет: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін,
- g) Басқару кеңесі: Директор және директор орынбасарлары мен кафедра меңгерушілерінен құралған кеңесті білдіреді.



## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

### **Дайындық тіл үйрету орталығы құрылымы**

#### **Жауапкершіліктер**

**5-бап.** (1) Директор және Басқару кеңесі әкімшілік, қаржы істері және оқу үдерісі тұрғысынан Ректорат алдында жауапты болып табылады.

(2) Дайындық бөлімі мен шет тілі курстарының оқу жоспары мен оқу бағдарламалары Ректораттың келісімінің негізінде жүзеге асырылады.

#### **Директор**

**6-бап.** (1) Директор, филология саласында ғылым кандидаты дәрежесіне ие оқытушылар арасынан Университет Президенті мен I Вице-президенті тарапынан тағайындалады.

#### **Директордың қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері**

**7-бап.** (1) Директордың қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Директор, орталықта қызмет атқаратын барлық қызметкерлердің басшысы болып табылады. Орталық қызметкерлерін заң талаптары шеңберінде басқарады.

б) Директор, дайындық бөліміне қатысты Дайындық тіл үйрету орталығының «Оқу және емтихан регламентін» және дайындық бөлімінің тыңдаушыларына қатысты университеттің ережелерін басшылыққа алады.

с) Директор, Өкілетті Кеңес шешімдері мен Ректорат бұйрығы арқылы тапсырылған қызметтерді орындайды.

#### **Басқару кеңесі**

**8-бап.** (1) Басқару кеңесі, директордың төрағалығында директор орынбасары мен кафедра меңгерушілерінен құралады.

(2) Басқару кеңесі, дайындық бөлімінің оқу-тәрбие үдерісі мен шет тілдерін оқыту курсының оқу жоспарының (бағдарламаларының) дайындалуы, оқу үдерісінің жүйелі жүргізілуі, қажетті маман және штат кестесін айқындау сияқты мәселелерде директорға көмек көрсетеді.

(3) Басқару кеңесі тарапынан қабылданған шешімдердің қол қойылған бір нұсқасы, директорат тарапынан мұрағатталады.

#### **Басқару кеңесінің қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері**

**9-бап.** (1) Басқару кеңесінің қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Дайындық бөлімінің оқу жоспарын (бағдарламасын) айқындайды.

б) Білім беру әдістемесін айқындайды.

с) Дайындық бөлімі мен шет тілі курстары үшін қажетті маман және штат кестесін айқындайды.

д) Оқытушылардың апталық, айлық және жылдық сабақ жүктемелерін айқындайды.

#### **Өлшеу және бағалау дирекциясы**

**10-бап.** (1) Дайындық тіл үйрету орталығының құрамында Өлшеу және бағалау директоры қызмет атқарады.





## **Өлшеу және бағалау дирекциясының қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері**

**11-бап.** (1) Өлшеу және бағалау дирекциясының қызметі, құзыреті және жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Дайындық тіл үйрету орталығының құрамында сұрақтар базасын дайындайды. Сұрақтар базасындағы сұрақтарды өлшеу және бағалау тәсілдеріне сәйкес тексереді және іріктейді.

б) Дайындық бөлімінің «Оқу және емтихан регламентінде» көрсетілген екінші аралық бақылау және қорытынды емтихандарының сұрақ кітапшалары мен дұрыс жауаптарының кілтін дайындайды, емтихандардың белгіленген тәртіп пен жүйеге сәйкес ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етеді.

с) Осы регламентте көрсетілген іс-шаралардың жүзеге асырылуына қатысты жұмыстарда директорға және басқару кеңесіне көмек көрсетеді, жүктелген міндеттерді (қызметтерді) орындайды.

д) Университетте білім алатын Түркиялық студенттерден «қазақ тілінен», ал өзге елдің студенттерінен «түрік тілінен» қорытынды емтихан (мемлекеттік емтихан) қабылдайды; сондай-ақ Сенат тарапынан дайындық бөлімін оқу туралы шешім қабылданған бөлімнің студенттерінен қорытынды емтихан қабылдайды.

е) «Оқу және емтихан регламентіне» сәйкес университет көлемінде қорытынды емтихандарды қабылдайды.

ф) Меңгерген шет тілі туралы құжат (сертификат) алғысы келетін университет қызметкерлеріне, студенттерге немесе жеке азаматтарға ақылы түрде тиісті шет тілінен емтихан ұйымдастырады.

г) Өлшеу және бағалау дирекциясы, университет Президенті мен I Вице-президенті алдында жауапты болып табылады.

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ Орталық жұмыстары**

### **Студенттерге қатысты іс-шаралар**

**12-бап.** (1) Дайындық тіл үйрету орталығының университет студенттеріне қатысты қызметі және жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Университет Сенаты тарапынан дайындық бөлімін оқу туралы шешім қабылданған бөлімнің студенттері мен шетелдік студенттерге тіл үйретеді.

б) Университет студенттерінен қазақ және түрік тілінен қорытынды емтихан қабылдауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

### **Университет қызметкерлері мен қоғамдық ұйым қызметкерлеріне қатысты іс-шаралар**

**13-бап.** (1) Дайындық тіл үйрету орталығының университет қызметкерлері мен қоғамдық ұйым және мекеме қызметкерлеріне қатысты қызметтері мен жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Меңгерген шет тілі туралы құжат алуды қалаған университет қызметкерлері мен қоғамдық ұйым және мекеме қызметкерлеріне, тиісті шет тілі бойынша емтихан ұйымдастырады және жүзеге асырады. Емтиханды сәтті тапсырған азаматтарға сертификат бере алады.



б) Университет қызметкерлері мен қоғамдық ұйым және мекеме қызметкерлеріне ақылы негізде шет тілін үйрену курстарын ұйымдастырады. Курсты табысты аяқтаған тұлғаларға сертификат бере алады.

с) Университет қызметкерлері мен қоғамдық ұйым және мекеме қызметкерлеріне ұйымдастырылған шет тілі курстарының сағаттық төлемақысы, университетте бір (толық) жүктемемен жұмыс істейтін қызметкердің ең төменгі жалақы көрсеткішінің 1/100-ін құрайды.

#### **Жергілікті тұрғындарға қатысты іс-шаралар**

**14-бап.** (1) Дайындық тіл үйрету орталығының жергілікті тұрғындарға қатысты қызметі және жауапкершіліктері төменде көрсетілген:

а) Меңгерген шет тілі туралы құжат алуды қалаған азаматтарға, ақылы негізде шет тілі бойынша емтихан өткізеді. Емтиханды сәтті тапсырған азаматтарға сертификат бере алады.

б) Жергілікті тұрғындарға (жеке азаматтарға) ақылы негізде шет тілі курстарын ұйымдастырады. Курсты табысты аяқтаған азаматтарға сертификат бере алады.

с) Жергілікті тұрғындарға (жеке азаматтарға) ұйымдастырылған шет тілі курстарының сағаттық төлемақысы, университетте бір (толық) жүктемемен жұмыс істейтін қызметкердің ең төменгі жалақы көрсеткішінің 1/50-ін құрайды.

### **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**

#### **Соңғы және басқа да ережелер**

#### **Регламентте қарастырылмаған жайттар**

**15-бап.** (1) Осы регламентте қарастырылмаған жайттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

#### **Күші жойылған регламент**

**16-бап.** (1) Осы регламенттің күшіне енуімен 06-07/05/2009 жылғы 34-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінде (шешім № 8.11) қабылданған «Дайындық тіл үйрету орталығының құрылымы және жұмыс істеу регламенті» өз күшін жояды.

#### **Күшіне ену**

**17-бап.** (1) Осы регламент 2012-2013 оқу жылынан бастап күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**18-бап.** (1) Осы регламенттің ережелерін университеттің ректоры мен ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.9

